



БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысы білім
беруді дамытудың оқу-
әдістемелік орталығының
директоры

Б.Абдикерова

« 03 » 2021 ж.

«Болашаққа жолдама» форумы аясында «Мамандықтар жәрмеңкесі» платформасының ережесі

I. Мақсат пен міндеттер

1.1. Мақсаты: жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін және нарықтық экономика жағдайында еңбек ресурстарын ұтымды бөлу қажеттілігін ескере отырып, жоғары сынып оқушыларының кәсіптік өзін-өзі анықтауына ықпал ету.

1.2. Жәрмеңкенің міндеттері:

- мамандық таңдауға және білім траекториясын дамытуға көмек көрсету;
- еңбек қызметіне қойылатын талаптармен танысу арқылы болашақ мамандықтың бейнесін қалыптастыру;
- қазіргі кезде мамандықтарға сұранысы жоғары және болашақта көп сұранысқа ие болатын мамандықтар бойынша ақпарат базасын құру.

1.3. Жәрмеңкенің негізгі қағидаттары: ашықтық, барлық қатысушылар үшін жағдайлардың теңдігі, серіктестік, сенімділік, әр түрлі пікірлер мен мүдделерді ескеру, нәтижеге бағдарлану.

1.4. Алаңның ұйымдастырушылары Қарағанды облысында білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы және «№66 мектеп-лицейі» КММ

II. Қатысушылар

- 2.1. Жоғары оқу орындары және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары
- 2.2. 9-11 сынып оқушылары.
- 2.3. Мектеп бітірушілердің ата-аналары.

III. Өтінім беру тәртібі мен мерзімі

3.1. «Болашаққа жолдама» форумының облыстық Бірыңғай күні аясында «Мамандықтар жәрмеңкесі» платформасына қатысу үшін өтінімді **19.04.2021 ж.дейін** Ұйымдастыру комитетінің атына umc.forum@umckrg.gov.kz электрондық почтасына жолдау қажет.

3.2. «Мамандықтар жәрмеңкесіне» ЖОО, колледждердің қатысуын растау хаты.

3.3. Растау хатын нысан (1-қосымша) бойынша толтыру қажет.

IV. Жәрмеңкені өткізу бағдарламасы

4.1. Мамандықтар жәрмеңкесінің бағыттары:

- «Болашақтың мамандықтары»
- «Болашаққа алғашқы қадамдар»

- «Студенттік мозаика»
- «Жаңа мамандықтар атласы»
- «Әкелер мен балалар».

4.2. Ұйымдастыру комитеті Жәрмеңкенің бағдарламалық іс-шараларын өзгертуге және толықтыруға құқылы.

V. Жәрмеңке жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар

5.1. «Болашақ бейнесін модельдеу»:

- ЖОО өкілдерінің өз білім беру мекемесі туралы шолу (жалпы) ақпаратымен баяндама жасауы.

- «Дұрыс таңдау» білім беру мекемелері туралы бейнероликтерін қарау.

- «Болашақ бізбен бірге» жұмыс берушілерінің сөзі.

5.2. «Болашаққа алғашқы қадамдар»:

- «Тең – теңімен» студенттердің таңдаған мамандығы туралы онлайн-баяндамасы

- «Селфи-эстафета»: «Мен дұрыс таңдау жасадым» фотоматериалы.

5.3. «Студенттік мозаика»:

- Білім беру мекемесінің мәдени өмірі туралы фото және бейнематериал

- Студенттерге арналған әлеуметтік бағдарламалар туралы фото және бейнематериал.

5.4. «Жаңа мамандықтар атласы»:

- ЖОО-дағы жаңа мамандықтар туралы виртуалды ақпараттық стенд.

- «Жаңа заман үшін жаңа мамандықтар» презентациялары.

5.5. «Әкелер мен балалар» виртуалды қабылдау бөлмесі:

- Ата-аналар мен мектеп бітірушылерге ЖОО, ұсынылатын мамандықтар туралы анықтамалық ақпарат беру.

- Қабылдау комиссиясының жұмысы туралы виртуалды буклеттер.

VI. Іс-шараларға қойылатын талаптар

6.1. Zoom секцияларында сөз сөйлеу уақыты 7 минуттан аспайды.

6.2. Бейнеролик ұзақтығы 3 минут, файл форматы mp 4, көлемі – 200 мб. дейін.

VII. Жәрмеңкені қорытындылау.

7.1. Жәрмеңке нәтижелерін Ұйымдастыру комитеті чаттардағы, әлеуметтік желілердегі кері байланыс негізінде бағалайды.

7.2. Жәрмеңке қорытындысы бойынша қатысушыларға сертификаттар мен алғыс хаттар беріледі.

VIII. Қорытындылау, марапаттау

8.1. «Үздік авторлық бағдарлама» секциясы бойынша қазылар алқасының шешімімен анықталған жеңімпаздар Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

8.2. Секцияға қатысқандар қатысушы сертификатын алады.

Өтінім нысаны

Білім беру ұйымының атауы	
Байланыс телефондары	
Электронды мекенжай	
Жарнамалық және ақпараттық өнімдерді дайындауға жауапты тұлғаның аты-жөні	
Таңдалған платформа (лар)	
Секцияға қатысуды жоспарлаған бағыт	
Ұсынылатын өнім	

Жәрменкеге қатысты сұрақтар бойынша ОӘО №316 кабинетке (Қарағанды қаласы, С. Сейфуллин көшесі, 8/2 үй), 44-56-30 тел.хабарласуға болады.

Келісілді:

Е. Аринов
А. Сарсембаева
Г. Копбаева
Г. Мукашева



Ж. Дюсембина



